

Нарықтық қатынастар жүйесіндегі инвестиция



Презентация жоспары:

1. “Инвестицияның ” экономикалық анықтамасы.
2. Экономикалық қызметтеріне байланысты инвестициялық капитал түрлері.
3. Инвестицияның түрлері, жіктелуі.
4. Инвестицияның объектілері мен субъектілері.
5. Салыстырмалы түрде – “Қазақстанның аймақтарына құйылған инвестиция көлемі” (2009 – 2013 жылдар аралығы).
6. **Vnews.kz ақпараттық сайтының инфографикалық мәліметтері:**
 1. 2012 жылға арналған облыстар бойынша инвестициялық көрсеткіштер.
 2. 1993 – 2010 жылдар аралығында Қазақстанға тартылған инвестициялардың ірі ошақтары.
 3. 2013 жылдың қаңтар – тамыз айлары аралығындағы машина жасауға салынған негізгі капитал көлемі (2012 жылмен салыстырғанда).
 4. Индустриалды ҚАЗАҚСТАН: инвестицияларды тарту.

“Инвестиция” – латынның “invest” сөзінен аударғанда *“салым салу”* деген мағынаны білдіреді.

“Инвестиция” сөзінің экономикалық категория ретіндегі анықтамалары:

“Инвестиция” – пайда табу мақсатында кәсіпкерлік объектілерге салынатын заңды және жеке тұлғалардың ақша қаражаттарын, жылжитын және жылжымайтын мүліктерді, интеллектуалдық құндылықтарды, ақшалай салымдарды, бағалы қағаздарды білдіреді.

“Инвестиция” – табыс немесе пайда табу үшін ақша қаражаттарын салу, немесе пайда табу мақсатында сатып алынған мүлік.

“Инвестиция” – экономикалық жүйеде қызмет ететін капитал көлемінің, адамдармен құрастырылған өндіріс құралдары мөлшерінің ұлғаюы.

“Инвестиция” – өнеркәсіптің, құрылыстың, ауыл шаруашылығының және экономиканың басқа да салаларының кәсіпорындарына капитал ретінде салынып жұмсалатын шығындар жиынтығы.

“Инвестиция” – капитал салу, күрделі қаржы.

“Инвестиция” – жаңа технологияларды, материалдарды, еңбек құралдарын енгізумен байланысты өндірістің ұлғаюына және жаңаруына жұмсалатын шығындар.

“Инвестиция” – шаруашылық өмірге бағытталған салымдар және капитал құнын сақтайтын, өсіретін, сондай – ақ табыстың өсуіне әкелетін капитал жұмсау әдісі.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КАПИТАЛ ТҮРЛЕРІ:

Ауыл - шаруашылығы



*Орман және аң аулау
шаруашылығы*

Өндіріс





Сауда

Балық аулау шаруашылығы



Автокөлік жөндеу

Қонақ үй мен мейрамхана



Көлік пен коммуникация

Қаржылық қызмет





Жалға беру қызметі

Мемлекеттік басқару



Білім және әлеуметтік көмек

Коммуналдық қызмет



Инвестицияның

Нақты инвестициялар – негізгі капиталға, жөндеу жұмыстарына, айналым қаражаттары қорына, құрал – жабдықтарды сатып алуға, жер учаскелеріне және кен орындарының қорларына салынатын салымдар.



Материалдық емес активтерге саналатын инвестициялар – жер учаскесін пайдалану құқықтарын сатып алу, лицензияны, тауар белгісін, патенттерді, ноу – хау, жарнама, авторлық құқықтар, фирма имиджі және тағы да басқаларды алуға кететін салымдар.

Интеллектуалдық инвестициялар – жұмысшылардың кәсіби біліктілігін көтеруге және ғылыми – зерттеулер мен ғылыми – техникалық жұмыстарды жүргізуге жұмсалатын салымдар.



Қаржылық инвестициялар – заңды және жеке тұлғаларға берілетін несиелер, кепілдіктер, бағалы қағаздарды сату мен сатып алуға жұмсалатын салымдар.





Тікелей инвестициялар – нақты ұзақ мерзімді жобаға қаражат салу және нақты активтерді сатып алумен байланысты салымдар. Инвесторға объектіні басқаруға немесе оның қызметін қадағалауға құқық береді, заңды және жеке тұлғалармен жүзеге асырылады. Инвестор тікелей инвестицияға қаражат салу арқылы өзінің өндірістік капиталын арттырады, яғни тікелей инвестицияның капитал құру негізіне ие салымдар.

Портфельдік инвестициялар – капиталды жобалар тобына салу, мыслай әр түрлі кәсіпорындардың бағалы қағаздарын сатып алуға кететін салымдар. Заңды және жеке тұлғалардың қаражаттарын шаржы делдалдары шығарған бағалы қағаздарға салу арқылы жүзеге асырылады. Бағалы қағаздарға салынатын салым есебінен инвестор өзінің қаржылық капиталын арттырады және дивидент алады.



Инвестицияның объектілері мен субъектілері

Инвестициялау объектісі – инвестицияға бағытталған кәсіпкерлік қызметтің кез – келген түрі.

Инвестициялау объектісіне:

1. Ақша – қаражаттар, мақсатты банктік салымдар, пайлар, акциялар және т.б.
2. Жылжитын және жылжымайтын мүліктер.
3. Авторлық құқық, ноу – хау, интеллектуалдық құндылықтар.
4. Жер учаскелері, ресурстарды пайдалану құқығы, мүліктік құқықтар.

Объектілердің жіктелуі:

Масштабы бойынша:

1. Кіші жобалар (15 млн долларға дейін)
2. Мега жобалар - ұзақ мерзімді жобалар (50 жылға дейін, 5 млрд доллардан жоғары)

Инвестициялау сипатына байланысты:

1. Мемлекеттік маңызды және масштабты объектілер (салалық, аймақтық, жергілікті)

Сатып алу деңгейі бойынша:

1. Тез сатып алынатын.
2. Белгілі бір уақыт аралығында сатып алынатын.



Инвестициялық қызметтің субъектілері:

1. Жеке және заңды тұлғалар.
2. Мемлекет.
3. Шетелдік мемлекеттер.
4. Халықаралық ұйымдар.

Инвестор – инвестициялық жобаға өзіндік немесе басқа тартылған меншікті және интеллектуалдық қаражаттарды салуды жүзеге асыратын және шешім қабылдайтын, сондай – ақ олардың мақсатты пайдаланылуын, қамтамасыз ететін заңды немесе жеке тұлға. Сонымен қатар инвесторлар:

1. *Мемлекеттік және жергілікті мүліктік құқытарды, мүлікті басқаратын органдар.*
2. *Жеке тұлғалар, соның ішінде шетелдік жеке тұлғалар.*
3. *Кәсіпорындар, кәсіпорын одақтары және басқа да заңды тұлғалар, сонымен қатар шетелдік заңды тұлғалар, мемлекеттер және халықаралық ұйымдар болуы мүмкін.*

Инвестициялық көрсеткіштер:

2009-2013 жылғы мәліметтер

Негізгі капиталға құйылған инвестициялар. ҚР аймақтары. Қаңтар-қыркүйек 2013 (млн.тг).

	Барлығы		Қорытынды өсім		ҚР-нан үлес		Адам басына (мың тг)	
	2013/09	2012/09	2012/09		2013/09	2012/09	2013/09	2012/09
Қазақстан	3 976 298	3 536 420	112,4%	439 878	100,00%	100,00%	233	210
Атырау обл.	771 330	746 570	103,3%	24 760	19,40%	21,11%	1365	1352
Астана қ.	336 138	395 959	84,9%	-59 820	8,45%	11,20%	418	514
Алматы қ.	315 945	304 033	103,9%	11 913	7,95%	8,60%	211	207
Ақтөбе обл.	305 986	287 601	106,4%	18 386	7,70%	8,13%	380	362
Алматы обл.	291 879	266 574	109,5%	25 306	7,34%	7,54%	148	138
Маңғыстау обл.	289 908	260 264	111,4%	29 644	7,29%	7,36%	498	462
Қарағанды обл.	288 276	190 311	151,5%	97 964	7,25%	5,38%	211	140
ОҚО	263 508	190 903	138,0%	72 605	6,63%	5,40%	97	72
Қызылорда обл.	220 308	117 017	188,3%	103 291	5,54%	3,31%	299	162
ШҚО	183 683	156 532	117,3%	27 151	4,62%	4,43%	132	112
Павлодар обл.	165 446	159 469	103,7%	5 976	4,16%	4,51%	220	213
Жамбыл обл.	142 890	84 643	168,8%	58 247	3,59%	2,39%	132	79
БҚО	127 418	111 679	114,1%	15 738	3,20%	3,16%	205	181
Қостанай обл.	123 123	111 808	110,1%	11 316	3,10%	3,16%	140	127
Ақмола обл.	80 201	95 348	84,1%	-15 146	2,02%	2,70%	109	130
СҚО	70 258	57 710	121,7%	12 549	1,77%	1,63%	122	99

ҚРСА мәліметтері негізінде САР есептеулері

BNEWS.KZ АҚПАРАТТЫҚ САЙТЫНЫҢ МӘЛІМЕТТЕРІ


ОБЛЫСТАР БОЙЫНША ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ БӨЛУ КӨРСЕТКІШІ 2012 ЖЫЛЫ

(Жалпы **1186,6** млрд теңге)



1993 – 2010 жылдар аралығында Қазақстанға тартылған инвестициялардың ірі ошақтары:

Қазақстанға тартылған тікелей инвестициялардың ірі донорлары, \$ млн



2012 жылдың қаңтар – желтоқсан айлары аралығындағы инвестициялық жобаға сәйкес өндірілген өнімдер көлемі:



ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР БОЙЫНША ӨНДІРІЛГЕН ӨНЕРКӘСІПТІК ӨНІМДЕР

/2012 жылдың қаңтар-желтоқсанын/

ӨНЕРКӘСІПТІК ӨНІМ КӨЛЕМІ
/МЛРД ТЕҢГЕ/




241 БҚО
225 АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
119 ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ
79 ШҚО

65 АҚМОЛА ОБЛЫСЫ
41 ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
34 ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
28 ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

8 АЛМАТЫ Қ
7 ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ
6 АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
4 МАҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

21 АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ
16 ОҚО
10 АСТАНА Қ
9 СҚО




2013 жылдың қаңтар – тамыз айлары аралығындағы машина жасауға салынған негізгі капитал көлемі:

Машина жасау саласы бойынша негізгі капиталға салынған инвестиция




2012 жылымен салыстырғанда, %



НЕГІЗГІ ҚАРЖЫ ЖҰМСАЛА БАСТАЛДЫ

2013 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР-ТАМЫЗЫНДА НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА САЛЫНҒАН ҚАРЖЫ (МЫҢ ТЕҢГЕ)



ИНДУСТРИЯЛДЫ ҚАЗАҚСТАН: ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ



2012 жылдың 5 айында
НЕГІЗГІ КАПИТАЛДАҒЫ
ИНВЕСТИЦИЯ



1 541,3 МЛРД. ТЕҢГЕНІ
ҚҰРАДЫ

ӨНДЕУ
СЕКТОРЫНДАҒЫ
ИНВЕСТИЦИЯ



\$ 471,7 МЛРД. ҚҰРАДЫ

ӨНДЕУ СЕКТОРЫНА ҚҰЙЫЛҒАН
ШЕТЕЛДІК
ИНВЕСТИЦИЯ



\$ 2 868,3 МЛРД.
ҚҰРАДЫ

ӨНДЕУШІ ӨНЕРКӘСІПТЕГІ НЕГІЗГІ
КАПИТАЛ
ИНВЕСТИЦИЯСЫ



148,8 МЛРД. ТЕҢГЕНІ
ҚҰРАДЫ

ЭКОНОМИКАНЫҢ ШИКІЗАТТЫҚ СЕКТОРЫНДА
ИНВЕСТИЦИЯ АЙТАРЛЫҚТАЙ АРТТЫ
ҚАҢТАР-СӘУІР АЙЛАРЫНДА ШИКІЗАТ
ЭКСПОРТЫ КӨЛЕМІ



\$ 7,0 МЛРД.
БОЛДЫ



WEB-САЙТ

ИНВЕСТИТОРЛАР ҮШІН ҚАЗАҚСТАН ТУРАЛЫ **12** ТІЛДЕ
ТОЛЫҚ АҚПАРАТ БЕРЕТІН ҰЛТЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ WEB-САЙТ ІСКЕ
ҚОСЫЛДЫ. ОҒАН ӘЛЕМНІҢ **160** ЕЛІНЕН **95 000** АДАМ КІРГЕН

Абекенов

Мақсат

1МЖБ – 2

Инвестициялық

саясат